

Уростат

ТАҒАМФА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Құрамы: 1 капсуланың құрамында:	мг
Сүйентамыр тамырының құрғақ экстракты	18
Толғақшөптің құрғақ экстракты	18
Гүлшетен жапырағының құрғақ экстракты	18

қосымша заттар: микрокристалды целлюлоза, ұнтақ түріндегі тальк
капсуланың құрамына кіретін ингредиенттер: гидроксипропилметилцеллюлоза (НРМС),
су, желлан сабызы, титан диоксиді

УРОСТАТ - Зәр шығару жолдарын жақсарту және несеп тастарының пайда болу қаупінің алдын алуға арналған. Бүйрек саулығы үшін.

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ:

- Зәр шығаруды қалыпқа келтіруге көмектеседі
- Бүйрек пен зәр шығару жолдарының функционалды жағдайын жақсартады
- Бүйрек эпителийінің қанмен қалыпты түрде қамтамасыз етілуіне ықпал етеді

Толғақшөп (*Centaurium umbellatum*, *Centianaceae*)

Толғақшөп құрамында флавоноидтар мен фенол қышқылдары сияқты белсенді заттар бар, олар бос радикалдарды бейтараптандыруға көмектесіп, тотығу стрессімен байланысты созылмалы аурулардың даму қаупін төмендетеді. Артық сұйықтықтың шығарылуына ықпал етіп, минералды тепе-теңдікті сақтайды.

Сүйентамыр (*Levisticum officinale*, *Apiaceae*)

Сүйентамыр тамыры дәстүрлі түрде артық сұйықтықты шығару және несеп-жыныс жүйесінің қызметін қолдау үшін қолданылған. Сүйентамыр тамырының сығындысы несеп шығару жүйесінің жұмысын қолдайды. Ол дәрумендер мен микроэлементтерге, әсіресе калий тұздарына бай, бұл артық тұздардың шығарылуына көмектесіп, жамбас мүшелерінің қан айналымын жақсартады. Гүлшетен (*Rosmarinus officinale*, *Lamiaceae*). Гүлшетен жапырақтары таниндерге, эфир майларына және флавоноидтарға бай. Оның пайдалы қасиеттері түрлі зерттеулермен дәлелденген. Гүлшетен карнозол және розмарин қышқылы сияқты антиоксиданттарға бай, олар ағзаға оң әсер етеді. Ол зат алмасуды қолдап, маңызды минералдардың (натрий және калий) сақталуына көмектеседі, бұл бүйрек пен қуықтың қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

Ересектер тамақтану кезінде күніне 3 рет 1-2 капсула бір стақан сумен ішу керек.

1 капсуланың ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Акуыздар - 0,25 г
Майлар - 88,7 г
Көмірсулар - 0,19 г
энергетикалық құндылығы 357,5 ккал / 1853,3 кДж

ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР:

- ББҚ компоненттерінің кез келгеніне жоғары сезімталдық;
- 18 жасқа дейінгі жас;

АЙРЫҚША НҰСҚАУЛАР:

Ұсынылатын тәуліктік дозадан асырмау керек. ББҚ-ны өртүрлі теңгерімді тағамды алмастырғыш ретінде қолдануға болмайды.

БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:

Дәріхана желісі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 30°C-ден аспайтын температурада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз! Өнім бастапқы қаптамда сақталуы керек.

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ:

1 блистерде 10 капсуладан.
Картон қорапта 5 блистер қазақ және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 48 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

ӨНДІРУШІ:

PHARMACY LAB LLC,
262 Wat Miedzieszyński Street,
04-792 Варшава, Польша

МТҚ ұстаушысы:

VEGAPHARM LLP.,
Unit 18, 53 Norman Road,
Greenwich Centre Business Park, SE10 9QF
Лондон, Ұлыбритания

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнімнің (тауардың) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
ҚР, Алматы қ. Аль-Фараби даңғылы 7,
ЖК «Нұрлы Тау», блок 5А, офис 247
Тел: +7 (727) 978 69 71,
E-mail: cepheusmedical@gmail.com

МТК№: КЗ.16.01.98.003.R.000241.03.25